

Баймаганбетова Жұлдызай Турматовна
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің
«Педагогика және оқыту әдістемесі» кафедрасының аға оқытушысы п.ғ.к.,
Ұйқасбай Индира Болатбекқызы
«Болашақ» университетінің 2-курс магистранты

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ КӘСІБИ- ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТ МӘСЕЛЕСІ

Экономикалық, әлеуметтік құндылықтардың өзгеруі жоғары педагогикалық білім беру жүйесінің жаңаша көзқараспен қаралып, дамыту қажеттілігін туғызды. Білім беру жүйесінің басты мақсаты өзін жан-жақты жетілдіре алатын оқушыны жеке тұлға ретінде дамыту. Біліммен жан-жақты қаруланған, біліктілігі жоғары, белсенді, ынталы, жігерлі тұлға ғана тұрақсыз да сан қырлы нарық жағдайындағы бәсекелестік күреске түсе алады. Бұл қызметтің қай саласында еңбек ететініне қарамастан бұрыннан қалыптасқан дәстүрлі мамандықтар не салыстырмалы түрде айтқанда қазіргі таңдағы жаңа мамандықтардың болашақ қызметкерлерінің барлығына ортақ талаптар.

Көздеген мақсатқа қол жеткізу үшін педагогикалық мектептен мұғалімнің жеке тұлғасын дамыту талап етіледі. Біліктілігі жоғары, белсенді, ынталы, жігерлі шығармашылық тұлға қалыптастыру туралы сөз қозғағанда, мұғалімнің жеке тұлға ретінде қосар үлесін көрсетпей, бұл жағдайды елестету мүмкін емес. Біз тұлғаны тұлға қалыптастырады, мінез мінезбен тәрбиеленеді деген қағидамен толық келісеміз. Бұл орайда А.Дистервегтің: ... өзінде жоқты ешкім ешкімге бере алмайтыны сияқты, алдымен өзі жан-жақты қалыптасып, тәрбиелі және білімді болмай тұрып басқаларды тәрбиелеп, жетілдіру мүмкін емес” деген пікірін еске түсіру орынды.

Қазіргі жағдайда жоғары педагогикалық білім беру сипатының өзгерісі білім беру жүйесінің әлемдік дағдарысымен, бұл тұрғыда біздің білім беру жүйеміз оның ішкі жүйесі ретінде қызмет етеді; отандық кәсіби білім беру парадигмасының өзгерісімен (Б.С.Гершунский, Э.Ф.Зеер, Б.В.Ткаченко); демократиялық мемлекет талаптарына бейімделген білім берудің жаңа қызметтерінің пайда болуымен (Б.С.Гершунский, Г.П.Щедровицкий) сипатталады.

Философиялық, әлеуметтік, психологиялық және педагогикалық әдебиеттерді саралау бірнеше бағыттар бойынша жүргізілді:

- ғасырлар тоғысында педагогикалық білім беру дамуының беталысын білу;

- кәсіби-педагогикалық іс-әрекеттің мақсатты түрде қалыптасу процесінің теориялық негіздерін анықтау;

- педагогикалық жоғары орындары студенттерінің кәсіби-педагогикалық іс-әрекетінің дұрыс қалыптасуына қажетті негізгі дереккөздерді анықтау.

Педагогикалық білім беру ашық күрделі жүйе ретінде екі негізгі фактордың: педагогика ғылымының жетістіктері мен білім беру тәжірибесінің қажеттіліктері ықпалымен дамиды. Көрсетілген факторлардың күрделі байланысы мен өзара сабақтастығын баса көрсету қажет. Осыған сәйкес педагогикалық теориялардың негізгі методологиялық қызметі - білім берудің "тәжірибелік философиясын" ұғыну қызметі болып табылады (Б.Г.Гершунский). Білім берудің қазіргі "тәжірибелік философиясы" педагогикалық жоғары оқу орнының түлегіне қатаң талаптар жүктейді.

Нақтылап айтқанда, әр түлектің жеке шығармашылық қабілетінің болуы, тиімді рефлексиямен қарулануы, білім беру саясатының стратегиялық басымдықтарын анықтай білуі т.б. Бұл қарама-қайшылықты болашақ мұғалімнің жеке тұлғасын қалыптастыруға бағытталған жан-жақты теориялық негіздерге сүйене жасалатын процесте ғана "жоюға" болады. Оның қатарына келесі:

-кәсіби-педагогикалық іс-әрекеттің қалыптасуы тұлғаның феномені ретінде іске асады; аталмыш процестегі білім берудің жеке тұлғаға бағытталған парадигмасы оның бірінші кезеңінде - тұлғалық іс-әрекетінде, ал іс-әрекеттік тәсіл танудың негізгі әдісі ретінде танылады;

-кәсіби-педагогикалық іс-әрекеттің қалыптасуы танудың жалпыдан жекеге ауысуы негізінде жүзеге асырылады;

-кәсіби-педагогикалық іс-әрекетті қалыптасуының бағдары бар, оның мәні - тұлғаның тума түсінігімен дамуы.

Педагогикалық білім берудің өз құрылымы, мазмұны бар, қоғамның мүмкіндіктері мен қажеттілігінің өзгеруіне байланысты қайта қарастырылып отыратын қоғамдағы белгілі бір қызметтерді жүзеге асырады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Жампеисова К.К. Методические вопросы реформирования профессионального образования и становления творческой личности будущего специалиста (на материале учительской профессии). – Алматы: Изд-во «Алем», 2000. – 156 с.
- 2.Таубаева Ш. Исследовательская культура учителя: от теории к практике. – Алматы: Науч.изд.центр «Ғылым», 2001. – 350 с.